

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№7 ХАТТАМАСЫ**

20 ақпан 2018 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Алтынбекова Гүлсара Асылбекқызы;
- 3) Байтеев Алексей Николаевич;
- 4) Бурабаев Ерлан Өмірзақұлы;
- 5) Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы;
- 6) Кожухова Светлана Владимировна;
- 7) Ледовских Ирина Александровна;
- 8) Моисеева Алевтина Федоровна;
- 9) Своик Петр Владимирович;
- 10) Тәжібекова Жұмагүл Қуатбекқызы.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Егеубаева Сауле Аскарарна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, БЖЗҚ басқарушы директоры;
- 3) Фазылова Кәмилә Нұрланқызы, БЖЗҚ стратегиялық талдау және даму басқармасының бастығы;
- 4) Гилев Сергей Николаевич, ӨЖСДД директорының орынбасары;
- 5) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы, Кеңес хатшысы.

Отырысқа Кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кворум жоқ. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер Кеңестің шешім қабылдауын қажет етпейтін болғандықтан, отырысты кейінге қалдырмау туралы шешім қабылданды. Отырысты Кеңестің төрағасы Е.Сейпульник ашты. Ол отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «БЖЗҚ» АҚ-ның 2017 жылғы қызметінің алдын ала қорытындылары;
2. «БЖЗҚ» АҚ-ның 2017-2021 жылдарға арналған даму стратегиясының туынды бағдарламаларын Қоғамдық кеңеске таныстыру;
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жіберу үшін өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартуды кеңейту бойынша ұсыныстар пакетін талқылау.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы К. Фазылова сөйледі. Қор қызметінің 2017 жылғы негізгі көрсеткіштері ұсынылды. Атап айтқанда, 2017 жылы бизнес-процестерді жетілдіру, Қордың құрылымын, штатын оңтайландыру және шығындарын үнемдеу жөнінде жұмыс жүргізілгені; Basel III және COSO-ның ең үздік әлемдік тәжірибелері деп танылған халықаралық стандарттарды ескере отырып,

тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған жүйесін және ішкі бақылауды дамыту жөнінде шаралар қабылданғаны атап өтілді. Негізгі қаржылық көрсеткіштер және көрсетілген зейнетақы қызметтері туралы ақпарат ұсынылды. Халықтың ЖЗҚ туралы хабардарлығын арттыру және БЖЗҚ-ға деген сенімін нығайту мақсатында өткізілетін ақпараттың қолжетімділігін арттыру, БАҚ-пен жұмыс жөніндегі іс-шараларға ерекше назар аударылды.

2018 жылы 2017-2021 жылдарға арналған жаңа Корпоративтік даму стратегиясы аясында, К. Фазылова атап өткендей, 2018 жылы Қордың қызметі негізгі үш бағытқа шоғырландырылатын болады:

1. Зейнетақы қызметтерін сапалы көрсету;
2. Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу деңгейін арттыру және зейнетақыны жоспарлау мәдениетін дамыту;
3. Заңнамада көзделген жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру.

ҚК мүшелері 2017 жылы БЖЗҚ салымшылар және алушылармен коммуникация және өзара түсіністік орнату мәселелерінде үлкен жұмыс жүргізгенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

ӨЖСДД директорының орынбасары С. Гилев сөз алды. Ол ҚК мүшелерін операциялық қызметті жетілдіру жұмысымен таныстырды. Қор Интернет, электрондық пошта, ұялы қосымша, байланыс орталығы, Қор сайты, әлеуметтік желілер арқылы электрондық қызметтерді цифрландыру мен дамытуға ерекше көңіл бөледі. Осының арқасында 2017 жылы электрондық пошта арқылы ЖЗШ беру үлесі 30 пайыздан 49 пайызға дейін өсті, жалпы алғанда электрондық қызметтер үлесі 45 пайыздан 52 пайызға дейін өсті. Жаңа стратегия шеңберінде осы бағыттардағы жұмысы күшейтілетін болады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайын ескере отырып, Қор Даму бағдарламасы шеңберінде зейнетақы қызметтерінің белгіленген стандарттарын сақтай отырып, тікелей қызмет көрсету, қашықтықтан қызмет көрсету және өзіне-өзі қызмет көрсету жүйелерін дамыту арқылы зейнетақы қызметтеріне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті.

БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы М.Акмаева ҚК мүшелерін сыртқы және ішкі коммуникациялар бағдарламасының жобасымен таныстырды. Бұл бағдарламада халықтың зейнетақы жүйесіне деген сенімін арттыруға, қаржылық және зейнетақы сауаттылығын және зейнетақы жинақтарының мәдениетін қалыптастыруға бағытталатын ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің негізгі бағыттары белгіленген. Коммуникацияның барлық сегменттерін – баспа, БАҚ, теледидар, радио, интернет, әлеуметтік желілерді іске қосу жоспарлануда.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы К. Фазылова Қазақстан Республикасының өзін-өзі жұмыспен қамтыған халқын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту, зейнетақы жинақтарының қалыптасуының маңыздылығы мен жеке жауапкершілігін түсінуді арттыру үшін Қор қабылдап жатқан шаралар туралы айтып берді. БЖЗҚ зейнетақы жарналары түспейтін жеке зейнетақы шоттарын өңдеу науқанын қолға алу туралы бастама көтерді. Салымшылардың деректер базасында 2015-2017 жылдар аралығында ашылған, бірде-бір зейнетақы жарнасы түспеген шоттар, сондай-ақ жинақтары бар, бірақ 2017 жыл ішінде жарналар түспеген шоттар сәйкестендірілді.

Өңірлік желі қызметкерлері 01.02.2018 ж. бастап шот иелеріне зейнетақы жарналарының өз шоттарына түсуінің болмау фактісі туралы ақпараттандыру, қолданыстағы зейнетақы заңнамасы мәселелері, өздерінің болашақ зейнетақысын

жоспарлау, сондай-ақ жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру кеңестерін көрсету мақсатында жоспарлы түрде қоңырау шала бастады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ Қазақстан Республикасының өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту бойынша келесі іс - шараларды талқылауды ұсынды:

1. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту бойынша одан әрі стратегияларды әзірлеу үшін жұмыспен қамту түрін, табыс деңгейін ескере отырып, «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» ұғымын айқындау.
2. Халық арасында жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту:
 - БЖЗҚ корпоративтік сайтына (www.enpf.kz) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін толық нұсқаулықтары, түсіндіру және өзге де пайдалы ақпараты бар бөлім енгізу;
 - ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру бойынша мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанындағы жұмыс топтарымен ынтымақтастық.
3. ЖЗҚ-ға қатысу үшін материалдық ынталандыруды көздеу:
 - «Азаматтарға арналған үкімет» МК арқылы тіркеу куәлігін ала отырып, «өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның» ресми мәртебесін қарастыру, оның негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар өсімпұл мен МЗЖ міндетті мөлшерін төлеуден босатылатын болады;
 - мемлекет тарапынан бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігі;
 - табыстарды жалпыға бірдей декларациялауды енгізгеннен кейін табысы аз азаматтар үшін салық жеңілдіктері.
4. МЗЖ төлеу бойынша берешекті барынша азайту мақсатында қызметкерлердің МЗЖ-ларын агенттердің толық және уақытылы аударуының мониторингі бөлігінде мемлекеттік кірістер органдарымен ынтымақтастық.
5. МЗЖ және әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша талаптарды теңестіру:
 - БЖЗҚ, МӘСҚ және ӘМСҚ ақпараттық жүйелері бойынша жарналарды салыстырып тексеруді жүргізу
6. ЖЗҚ-ға қатысу үшін материалдық емес ынталандыруды көздеу
 - зейнетақы жарналарын аудару тарихы бойынша еңбек өтілін есепке алу
7. Экономикалық белсенді халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылуын қамтамасыз ету
 - адамдар ЖЗҚ, МӘСЖ, МӘМС қатысушылары болмауға мүмкіндік болмайтындай жағдай жасау
 - алғашқы жарна келіп түскен және салымшының ЖСН бойынша сәйкестендірілгені расталған кезде БЖЗҚ-да ЖЗШ автоматты түрде ашылуы тиіс.

Кеңес мүшелері өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың зейнетақы жүйесіне қатысу проблемасын шешуге қатысты өз пайымдарын ұсынды. Олардың пікірінше, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуды ынталандыру мәселелеріне әкімшілік ықпал ету әдістерін де, бонустар мен көтермелеу жүйесін де пайдалана отырып басты назар аудару керек. П.Своик жинақтаушы зейнетақы жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін еңбекке қабілетті халықты жүйемен толық қамту қажет екенін айтты. Көтермелеу шаралары ретінде салымшылар

үшін отбасын құру, оқуға түсу, тұрғын үй сатып алу, ауыр сырқаттардан емделу сияқты маңызды өмірлік жағдайларда бонустар көзделуі мүмкін. Барлық ұсыныстар пысықталып, Қоғамдық кеңес отырысында талқыланғаннан кейін Ұлттық Банкке, содан кейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберіледі.

Кворумның болмауына байланысты отырыста шешімдер қабылданған жоқ. ҚК-тің келесі отырысын 2018 жылдың сәуір айында өткізу туралы ұсыныс жасалды.

ҚК мүшесі Ж. Тәжібаева алдағы отырыстың күн тәртібіне келесі мәселелерді енгізуді ұсынды:

1) зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпарат;

2) «БЖЗҚ» АҚ-ның операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпарат.

ҚК мүшесі П. В. Своик зейнетақы активтерін басқаруды бәсекелес ортаға (ЗАБК, ЖБК) беру жөніндегі ҚР ҰБ ұсыныстары туралы өзекті ақпаратты үшінші мәселе ретінде қосуды ұсынды.

Қатысушылар осы мәселелерді ҚК-тің кезекті отырысында қарауды қолдады.

Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы

Е. Сейпульник
М. Акмаева